

Оңтүстік Қазақстан облысындағы су тасқынының салдарларын жою және әлеуметтік мақсаттағы объектілерді және тұрғын үйлерді қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы N 280 Қаулысы

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш, Ордабасы аудандарында, Арыс қаласының ауылдық округтарымен бірге су тасқынының салдарларын жою және су тасқынынан зардап шеккен әлеуметтік мақсаттағы объектілер мен және тұрғын үйлерді қалпына келтіру мәселелерін жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Оңтүстік Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккен объектілерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс шаралар) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш, Ордабасы аудандарындағы, Арыс қаласының ауылдық округтарымен бірге су тасқынының салдарынан зардап шеккен тұрғын үйлерді салуға, алмастыруға ағымдағы нысаналы трансферттерді Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне аудару үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген резервінен 3 000 000 000 (үш миллиард) теңге бөлінсін.

3. Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоспағанда, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне заңнамада белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысындағы төтенше жағдайлардың салдарларын тоқтату және (немесе) жою жөніндегі тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін 2008 жылға арналған жергілікті бюджеттерде көзделген, шұғыл шығысында жергілікті тиісті атқарушы органдар резервтерінің қаражаты есебінен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Төтенше жағдайлардың салдарларын жою және қалпына келтіру жөніндегі дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (бұдан әрі - Дирекция) 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеден аудару ұсынылсын.

4. "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг" акционерлік қоғамының 790 000 000 (жеті жүз тоқсан миллион) және "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамының 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге сомасында Оңтүстік Қазақстан облысындағы су тасқынының салдарларын жою әлеуметтік мақсаттағы объектілер мен тұрғын үйлерді қалпына келтіру жөнінде көмек көрсету туралы ұсыныстарымен келісілсін.

5. "ҚазАгро" Ұлттық холдингі" акционерлік қоғамына Іс-шаралар жоспарына сәйкес ауыл шаруашылығы жұмыстарын қамтамасыз ету үшін кредит беруді заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізу ұсынылсын.

6. Осы қаулыдан туындайтын, Оңтүстік Қазақстан облысындағы төтенше жағдайлардың салдарларын тоқтату және (немесе) жою үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 4-бабы 1-тармағының 28) тармақшасы негізінен жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **К. Мәсімов**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 21 наурыздағы
N 280 қаулысымен

мақұлданған
**Оңтүстік Қазақстан облысындағы су тасқынынан
зақымданған объектілерді қалпына келтіру жөніндегі
2008 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.15. N 686
Қаулысымен.**

N р/с	Объекті- нің атауы	Мекен- жайы	Қуаты	Тексеру нәтиже- лері	Құры- лыстың аяқталу мерзі- мі	Қаржы- ландыру сомасы (млн. теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7	8
1. Білім беру және денсаулық сақтау объектілері							
1	Б. Онтаев атындағы мектеп	Арыс қаласы, Монтайтас селолық округы	1200 оқушылық орын	Күрделі жөндеу	2008 жылғы 1 қыркүйек	412,5	"Самұрық" АҚ-ның, "Қазатом- өнеркәсіп" ҰАК-ның қаражаты
2		Сарыағаш ауданы, Әміров селосы,	624 оқушы -		2008 жылғы	200,0	"Самұрық" АҚ-ның, "Қазатом- өнеркәсіп"

	Жуантөбе атындағы мектеп	Бірлесу селолық округы	лы қорын	Күрделі жөндеу	1 қыркүйек		ҰАК-ның қаражаты
3	Көкбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясы	Сарыағаш ауданы Ақтөбе ауылдық округінің Көкбұлақ елді мекені	Ауысымында 60 адам қабылдайтын	Жаңадан құрылыс салу	2008 жылғы 1 қазан	55,0	"Самұрық" АҚ-ның "Қазатом-өнеркәсіп" ҰАК-ның қаражаты
4	Бозсу ауылдық дәрігерлік амбулаториясы	Сарыағаш ауданы Ақтөбе ауылдық округінің Бозсу елді мекені	Ауысымында 60 адам қабылдайтын	Жаңадан құрылыс салу	2008 жылғы 1 қазан	55,0	"Самұрық" АҚ-ның "Қазатом-өнеркәсіп" ҰАК-ның қаражаты
5	Әбдіхан ауылдық дәрігерлік амбулаториясы	Сарыағаш ауданы Ошақты ауылдық округінің Әбдіхан елді мекені	Ауысымында 60 адам қабылдайтын	Жаңадан құрылыс салу	2008 жылғы 1 қазан	55,0	"Самұрық" АҚ-ның "Қазатом-өнеркәсіп" ҰАК-ның қаражаты
6	Коммуна ауылдық дәрігерлік амбулаториясы	Сарыағаш ауданы Қошқар ата ауылдық округінің Коммуна елді мекені	Ауысымында 60 адам қабылдайтын	Жаңадан құрылыс салу	2008 жылғы 1 қазан	55,0	"Самұрық" АҚ-ның "Қазатом-өнеркәсіп" ҰАК-ның қаражаты
Жиыны:		832,5 млн.теңге					

2. Тұрғын үй құрылысы							
1	Алаңы 60 м бір пәтерлі тұрғын үй	Сарыағаш, Ордабасы ауданда-	196	Жаңа құрылыс	2008 жылғы 1 қыркүйек	514,7	"Самұрық" АҚ-ның, "Қазатом-өнеркәсіп" ҰАК-ның қаражаты, жергілікті атқарушы ор-

		ры және Арыс қаласы					гандардың қаражаты
2	Алаңы 80 м ² бір пәтерлі тұрғын үй	Сарыағаш, Ордабасы аудандары және Арыс қаласы	169	Жаңа құрылыс	2008 жылғы 1 қыркүйек	560,3	Жергілікті атқарушы органдардың қаражаты
3	Алаңы 100 м ² бір пәтерлі тұрғын үй	Сарыағаш, Ордабасы аудандары және Арыс қаласы	1113	Жаңа құрылыс	2008 жылғы 1 қыркүйек	4482,5	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві жергілікті атқарушы органдардың қаражаты
Жиыны:		5 557,5 млн.теңге					

3 . Кредиттер							
1	Ауыл шаруашылығы жұмыстарын қамтамасыз етуге арналған кередиттер	Сарыағаш, Ордабасы аудандары және Арыс қаласы	2346 отбасы		2008 жылғы 1 мамыр	469,2	"ҚазАгро" ҰХ-і АҚ-ы (Ауыл шаруашылығын колдау қоры)
Жиыны:		469,2 млн.теңге					
Барлығы:		6859,2 млн.теңге					

Жиыны: Үкімет резервінің қаражаты - 3000,000 млн. теңге;
облыстардың (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоспағанда), Астана және Алматы қалалары қаражаты - 2400,0 млн. теңге;
кредиттер - 469,2 млн. теңге;
ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалардың өз қаражаты - 790,0 млн. теңге;

Барлығы: 6 859,2 млн. теңге

Бұл ретте, тұрғын үйлерді салу және жөндеу бойынша үй иелерінің есебінен шығындардың жалпы сомасы 315,8 млн. теңгені құрайды.

Е с к е р т у :

"Самрұқ" АҚ - "Самырұқ" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы,

"Қазатомөнеркәсіп" АҚ" АҚ -»"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы"

а к ц и о н е р л і к

қ о ғ а м ы ,

"ҚазАгро" ҰХ" АҚ -»"ҚазАгро" Ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ